

**"Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту жайында" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы № 1247 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 210 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту жайында» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы № 1247 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., № 49, 588-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу, күші жойылған деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қаңтардағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 6, 26-құжат) .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*